

**8D02184 – Кино және теледидар режиссурасы
мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу
үшін ұсынылған Рамазанова Бану Куандыковның «Цифрлық дәуірде
деректі кино өндірісінің трансформациясы: жаңа тәжірибелер мен тарату
модельдерінің дамуындағы қиындықтар мен перспективалар» докторлық
диссертациясының мәтініне
АНДАТПА**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

XX ғасырдың соңынан бастап әлемдік деңгейде деректі кино бірнеше өзара байланысты кезеңдерден өтіп, жанрдың өндірістік тәжірибелері мен идеологиялық функцияларын түбегейлі өзгертті. Бастапқыда деректі кино объективтілік пен ағартушылық миссияға сүйеніп, қоғамдық қызметтің телеесептері дәстүрінде қалыптасты. 1990-жылдардың басында Дүниежүзілік ғаламтордың пайда болуы ақпаратқа және өндірістік құралдарға қолжетімділікті демократияландырып, автор мен көрермен арасындағы қатынас теңгерімін өзгертіп, телевидениені деректі сюжеттерді таратудағы басты арна ретінде орнықтырды.

2000-жылдары Netflix, Amazon Prime, HBO Max сияқты стримингтік платформалардың пайда болуы осы саладағы шешуші бетбұрысқа алып келді. Бұл платформалар жанр экономикасын түбегейлі өзгертіп, эксперименттік құрылымдарға, субъективті авторлыққа және деректі мен көркемфильм тәсілдерді үйлестіретін гибридік формаларға жол ашты. Осы кезеңнің негізгі жобалары анимация, драматизация және көпқабатты баяндау әдістерін кеңінен қолданып, «деректі шындық» ұғымын қайта қарауға және жанрдың этикалық әрі эстетикалық шекараларын кеңейтуге ықпал етті.

Бұл үдеріс Netflix-тің true crime жанрындағы сериалдары арқылы одан әрі қарқын алды: олар деректі бағдарламаларды бұқаралық мәдени феномендерге айналдырып, ойын-сауық пен нон-фикшн арасындағы шекараны жойды. Сонымен қатар, Еуропада арнайы фестивальдер, жобалық зертханалар және халықаралық қорлар жанрды кәсіпқойландыру жолында және трансшекаралық ко-продукциялар үшін тұрақты инфрақұрылым қалыптастырды.

Соңғы жылдары жасанды интеллекттің, виртуалды және толықтырылған шынайылық технологияларының интеграциясы деректі баяндау тәсіліне иммерсивті, интерактивті және қатысушы формаларды енгізіп, нон-фикшн эволюциясының жаңа кезеңін айқындады – бұл жанрды динамикалық әрі жаһандық маңызы бар көркем форма ретінде орнықтырды.

Осы жаһандық жаңғырумен күрт қарама-қайшылықта Қазақстандағы деректі кино секторы анағұрлым баяу әрі фрагменттелген өзгерістерді көрсетіп отыр. Кеңес Одағы ыдырағанына және ұлттық кино индустриясының формалды түрде дараланғанына қарамастан, өндіріс әлі де кеңестік модельдер аясында жұмыс істейді: мемлекеттік құрылымдар (Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы) көбіне идеологиялық немесе мерейтойлық тақырыптардағы жобаларға тапсырыс береді, ал тәуелсіз

авторлар тұрақсыз қаржыландыру және экрандарға шектеулі қолжетімділікке тіреледі.

Сол себепті бұл зерттеудің өзектілігі халықаралық және ұлттық тәжірибелерді салыстырмалы талдау арқылы жүйелі кедергілерді анықтау және қазақстандық деректі кино секторының жаңғыру мүмкіндіктерін айқындау қажеттілігімен анықталады.

Зерттеу жұмысының нысаны

1991-2024 жылдар аралығында түсірілген деректі фильмдер, оның ішінде Ұлттық «Қазақфильм» киностудиясының жұмыстары, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жобалары және қазақстандық авторлардың тәуелсіз фильмдері.

Зерттеу пәні

Аталған кезеңдегі әлемдік деректі кино мен Қазақстанның ұлттық секторындағы өндірістік тәжірибелердің, жанрлық формалардың және дистрибуциялық үлгілердің трансформациясын салыстырмалы түрде талдау.

Зерттеудің мақсаты

Деректі киноның жаһандық ауқымдағы цифрлық трансформация үдерістерін сыни тұрғыдан талдау және бұл өзгерістердің Қазақстанда қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқанын анықтау; анықталған мәселелер мен мүмкіндіктер негізінде ұлттық секторды жаңғыртуға арналған стратегиялық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері

- Деректі киноның репортаждық форматтардан цифрлық нон-фикшн тәжірибелеріне дейінгі тарихи эволюциясын зерттеу;
- Цифрлық технологиялардың өндірістік және нарративтік мүмкіндіктерге ықпалын талдау;
- Деректі киноның креативті формаларының (жанрлық гибридтелу, субъективті авторлық, эстетикалық эксперименттер) пайда болуын зерттеу;
- «Постақиқат дәуірінің» деректі объективтілікке деген көзқарастарға және этикалық баяндау тәсілдеріне жасаған әсерін бағалау;
- АҚШ, Еуропа және Азиядағы деректі кино трансформациясының аймақтық траекторияларын салыстыру;
- Стримингтік платформалар мен трансмедиялық экожүйелердің өсуі арқылы цифрлық дистрибуция үлгілеріне көшу үрдісін талдау;
- True-crime және гибриді зерттеу нон-фикшн жанрларының жаппай танымал болу тетіктерін анықтау;
- Қазақстан секторының жаһандық инновациялар мен трендтерге бейімделу қарқыны мен сипатын бағалау;
- Қазақстандағы деректі киноны қолдаудың институционалдық механизмдерінің тиімділігін талдау;
- Ұлттық деректі кино өндірісіндегі технологиялық, өндірістік және құрылымдық кедергілерді анықтау;
- Қазақстандық деректі кино секторының инфрақұрылымын, қаржыландыру үлгілерін және дистрибуция жүйесін жаңғыртуға арналған стратегиялық ұсыныстарды әзірлеу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Осы диссертацияда деректі кино саласындағы классикалық және заманауи зерттеулерге сыни шолу жасалды. Жанрдың тарихи негіздерін Е. Теплиц («Киноөнер тарихы», 1928-1933), Ж. Садуль («Киноның жалпы тарихы», 1958–1963), Г. Аристарко («Кинотеориялар тарихы», 1966) және Р. Юренев («Киноөнердің қысқаша тарихы», 1997) қалаған. Цифрлық трансформацияның теориялық аясын Б. Николс («Деректі киноға кіріспе», 2010), М. Ренов («Деректі фильм теориясы», 2004), С. Бруцци («Жаңа деректі кино: сыни кіріспе», 2006), П. Офдерхайд («Деректі фильм: өте қысқа кіріспе», 2007) және Б. Винстон («Шындыққа ұмтылыс», 1995) әзірлеген. «Постақиқат дәуірінің» ерекшеліктерін Р. Кейс («Постақиқат дәуірі: қазіргі өмірдегі жалғандық пен алдау», 2004) зерттеген. Медиаконвергенцияның маңызды аспектілерін Г. Дженкинс («Конвергенция мәдениеті», 2006), К. Нэш («Интерактивті деректі фильм: қатысу процестері», 2008), Т. Остин және В. де Йонг («Деректі киноны қайта пайымдау: жаңа перспективалар мен тәжірибелер», 2008) сипаттаған. Жанр эстетикасына цифрлық дәуірдің әсерін Бардоел мен Д'Хаэненс («Цифрлық дәуірдің деректі кино жанрына әсері», 2016) зерттеген. Иммерсивті және интерактивті форматтарды А. Мишо («Виртуалды шындық және деректі киноның болашағы», 2016), К. Ким («Деректі киноның кеңейтілген алаңы», 2017) және П. Леви («Деректі кинодағы иммерсивті медиа», 2019) қарастырған. Цифрлық платформалардағы баяндау эволюциясын М. Фримен мен М. Даргис («Платформалардағы деректі кино», 2018) және Р. Стоун («Деректі кино қалай мейнстримге айналды», 2019) сипаттаған, ал креативтік практикаларды Л. Харпер («Креативті деректі киноның өрлеуі: жанрдың трансформациясы», 2018), З. Зигфрид пен Р. Реннер («Креативті деректі фильм: тұжырымдама және инновациялар», 2018) және П. По («Деректі кинодағы креативті технологиялар», 2020) талдаған.

Кеңестік кезеңде деректі кино жанрын Дж. Лейда («Кино: орыс және кеңес киносының тарихы», 1960) және П. Кенез («Кино және кеңестік қоғам: революциядан Сталиннің өліміне дейін», 1992) егжей-тегжейлі зерттеп, кеңестік деректі фильмнің реалистік дәстүрлерін, монтаждық эксперименттерін және идеологиялық функцияларын сипаттаған.

Қазақстандық контексте тарихи-институционалдық талдауды Қ. Сиранов («Ұлы жолдың басталуы», 1980), Б. Нөгербек («Тұтқындалған жады», 1998; «Әрдайым өзекті жанр», 2002), К. Айнағұлова («1960–1970-жылдардағы деректі кино өнері», 1980), Г. Әбікеева («Өзгерістердің жаршысы: қазақстандық деректі киногерлер», 2003) және С. Павлов («Посткеңестік Қазақстандағы деректі кино: үрдістер мен сын-қатерлер», 2020) жасаған. Эмпирикалық деректерді Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ мен «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» есептері толықтырды. Алайда, зерттеулердің ауқымы мен алуан түрлілігіне қарамастан, деректі киноны тұтас индустриалдық жүйе ретінде қарастырып, цифрлық инновациялардың ұлттық өндірістік және дистрибуциялық модельдерге әсерін бағалайтын еңбектер жеткіліксіз. Осы диссертация осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді.

Зерттеу әдістері

Бұл диссертацияның әдіснамалық негізі – тарихи талдау, салыстырмалы талдау, кейс-стади әдісі және сапалық контент-талдау секілді әдістерді біріктіретін сапалық пәнаралық көзқарас. Бұл әдістер 1991-2024 жылдар аралығында Қазақстан мен жаһандық контексте деректі кино практикаларының трансформациясын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді.

Тарихи талдау зерттеудің негізін құрайды және деректі киноның дәстүрлі нон-фикшн формаларынан цифрлық, жаһандық таралған және эстетикалық тұрғыда алуан түрлі тәжірибелерге дейінгі эволюциясын қадағалауға мүмкіндік береді. Қазақстандық жағдайда тарихи талдау өндірістік жүйелердегі сабақтастық пен үзілістерді, идеологиялық бағдарларды және дистрибуция механизмдерін Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде зерттеуге жағдай жасайды.

Салыстырмалы талдау – Қазақстандағы өзгерістер мен әлемдік трансформациялар арасындағы траекторияларды салыстырып, ұлттық тәжірибелердің жаһандық үрдістерге қаншалықты кіріккенін немесе оқшау қалғанын анықтауға мүмкіндік беретін сыни құрал.

Кейс-стади әдісі – Қазақстан мен әлемдік деректі фильмдердің жекелеген мысалдарын терең талдауға бағытталған. Кейстерді таңдау олардың тақырыптық маңыздылығына, эстетикалық ерекшеліктеріне, өндірістік жағдайларына және дистрибуция жолдарына байланысты жүзеге асырылады. Бұл нақты туындылардың жаһандық трендтермен сәйкестігін немесе қайшылығын анықтауға көмектеседі.

Сапалық контент-талдау әдісі қазақстандық деректі фильмдердегі әлеуметтік шындықты құрастыру стратегияларын, шынайылық мәселелерін өзектендіру тетіктерін және қазіргі медиатеchnологиялармен өзара әрекет формаларын анықтауға мүмкіндік береді. Жүйелі тақырыптық кодтау мен интерпретациялық талдау жасырын семантикалық құрылымдарды ашып, жергілікті тәжірибелердің цифрлық платформаларға бейімделу дәрежесін немесе олардан бас тарту үрдісін айқындауға мүмкіндік береді. Контент-талдауды, кейс-стади мен құрылымдық-функционалдық талдауды біріктіру – фильм мәтіндері, өндірістік есептер, мұрағаттық деректер мен ғылыми әдебиеттерден алынған эмпирикалық мәліметтерді қамтитын көпдеңгейлі аналитикалық құрылымды қалыптастырады. Мұндай кешенді тәсіл зерттеудің сыни негізділігі мен эмпирикалық дәлдігін қамтамасыз етіп, Қазақстандағы деректі киноның эстетикалық, институционалдық және технологиялық динамикасын кеңінен зерделеуге жол ашады.

Дереккөздерді талдау әдісі – мұрағаттық құжаттарды, өндірістік есептерді, мемлекеттік қаулылар мен нормативтік актілерді жүйелі түрде зерттеп, сыни тұрғыда бағалауды қамтиды. Бұл әдіс Қазақстандағы деректі киноның институционалдық инфрақұрылымының хронологиясын қалпына келтіруге, қаржыландыру механизмдерінің эволюциясын және мемлекеттік не тәуелсіз жобаларға тән идеологиялық бағдарларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

-Бұл диссертацияның ғылыми жаңалығы – деректі кино өндірісінің цифрлық дәуірдегі трансформациясын Қазақстан контекстінде кешенді түрде талдауға негізделген. Бұған дейінгі зерттеулер негізінен авторлық теорияға, нарративтік эстетикаға немесе режиссерлік әдіснамаға бағытталса, бұл жұмыс деректі киноны интеграцияланған индустриалды–технологиялық және институционалдық жүйе ретінде қарастырады.

-Алғаш рет Қазақстандағы деректі кино өндірісі туралы қаржылық, құрылымдық және өндірістік сипаттағы толыққанды бастапқы мәліметтерге қол жеткізу. Бастапқы дереккөздерді қолдану - сала дамуының мүмкіндіктері, шектеулері мен траекторияларын жүйелі түрде талдауға жағдай жасайды.

-Диссертация жаһандық деректі практика эволюциясын Қазақстандағы стагнациямен және ішінара бейімделумен салыстыра отырып, өзіндік салыстырмалы талдау шеңберін ұсынады.

-Бұл жұмыс қазақстандық деректі киноның әлемдік жанрлық «жаңғыруға» толыққанды қатысуына кедергі келтіретін институционалдық, құрылымдық және идеологиялық тосқауылдарды еңсеруге бағытталған нақты стратегиялық ұсыныстарды ұсынады. Мұндай тәсіл Қазақстандағы деректі киноны теориялық тұрғыдан тереңірек түсінуге ықпал етіп, цифрлық дәуірдегі ұлттық киноиндустрияларды жүйелі дамытуға арналған болашақ зерттеулерге негіз болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар

-Деректі киноның тарихи трансформациясы циклдік сипатта өткендігі анықталды: технологиялық ілгерілеу кезеңдері жанрдың эстетикалық, нарративтік және өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтіп отырса, кейін оларды регрессиялық кезеңдер алмастырған – бұл қайтадан дәстүрлі формалар мен әдістерге оралумен сипатталады;

-Цифрлық технологиялардың – қолжетімді монтаж құралдары, цифрлық камералар, онлайн-платформалар мен инновациялардың (жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шынайылық) – интеграциясы баяндау формаларын, өндірістік сценарийлерді және аудиториямен өзара іс-қимыл тәсілдерін айтарлықтай кеңейткені анықталды;

-Жанрлық гибридтелу, субъективті авторлық және эстетикалық эксперименттермен сипатталатын креативті деректі формалардың пайда болуы жаңа үстем тенденцияларды қалыптастырып, көрермендердің күтулерін өзгерткені айқындалды;

-«Постақиқат» медиа-ортасының пайда болуы дәстүрлі деректілік пен шындықты баяндау ұғымдарына күмән тудырып, бүкіл әлемдегі деректі киногерлер қауымдастығында этикалық және нарративтік тәсілдерге сыни қайта пайымдау үрдісін туындатқаны анықталды;

-Деректі кино трансформациясының аймақтық ерекшеліктері АҚШ, Еуропа және Азияда әртүрлі траекториялар арқылы көрініс тапқаны айқындалды – бұл, әсіресе, технологияны енгізу, қаржыландыру модельдері, аудиториямен байланыс стратегиялары мен жанрды институционализациялау деңгейлерінен байқалады;

-Стримингтік платформалардың өсуі мен трансмедиалық экожүйелердің дамуы нәтижесінде цифрлық дистрибуция модельдеріне жаһандық көшу үрдісі деректі кино экономикасын түбегейлі қайта құрғаны анықталды: Бұл кең қолжетімділікті, жаңа өндірістік және қаржылық стратегияларды қамтамасыз етті, көрермендердің қабылдау үлгілерін өзгертті;

-Деректі фильмдердің, әсіресе true-crime және гибриді тергеу нон-фикшн жанрларының жаппай танымал болуы осы фильмдерді бұрын-соңды болмаған мәдени көріну деңгейдегі және коммерциялық табысқа жеткізгені белгіленді;

-Қазақстандағы деректі кино секторы жаһандық өзгерістерге баяу және үзік-үзік түрде бейімделгені анықталды – бұл көбіне кеңестік және посткеңестік идеологиялық және өндірістік парадигмалардың сақталуымен, жанрлық диверсификацияның шектеулілігімен және жаңа шығармашылық тәжірибелер мен технологияларды енгізуге қарсылықпен байланысты.

-Қазақстанда деректі киноны қолдайтын институционалдық құрылымдар (Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ және Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы) өндірістік әдістемелерді, қаржыландыру тетіктерін және дистрибуциялық стратегияларды жеткілікті түрде жаңғырта алмағаны белгілі болды. Бұл өз кезегінде инновациялардың дамуын және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті тежеді.

-1991-2024 жылдар аралығында Қазақстанда деректі фильмдерді өндіру жекелеген серпінді жобаларға қарамастан, ескірген өндірістік логикамен, технологиялық интеграцияның жеткіліксіздігімен және жүйелі халықаралық дистрибуция арналарының болмауымен шектелген күйде қалғаны анықталды;

-Қазақстанның деректі кино секторын реформалау бойынша стратегиялық ұсыныстар әзірленді: инфрақұрылымды жаңғырту, қаржыландыру модельдерін әртараптандыру, тұрақты дистрибуциялық тетіктерді қалыптастыру және шығармашылық автономияны қолдау – бұл Қазақстанның жаһандық деректі кино экожүйесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етіп, халықаралық аренадағы мәдени қатысуын нығайтады.

Зерттеудің ғылыми – теориялық және практикалық маңызы

Бұл диссертацияның ғылыми маңыздылығы – деректі киноны қазақстандық кинотану контекстінде зерттеудің салыстырмалы түрде аз зерттелген саласына қосқан үлесінде. Көркемсуретті фильмдер осы күнге дейін академиялық қауымдастықтың елеулі назарын өзіне аударып келе жатса, деректі кино секторы ғылыми дискуссияларда және зерттеушілер назарынан жиі шеткері қалып келеді. Қазіргі бар еңбектер – мысалы, А. Хакимов пен А. Бөжееваның докторлық диссертациялары, сондай-ақ А. Поршева-Лумпованың магистрлік жұмысы – ең алдымен режиссердің көзқарасын талдап, кинематографиялық тіл мен эстетиканы зерттеуге бағытталған. Алайда, бұл жұмыстар деректі кино индустриясының әлдеқайда кең құрылымдық талдауын, оның жүйелі мүмкіндіктері мен ұлттық және жаһандық контекстердегі стратегиялық әлеуетін жеткілікті дәрежеде қамтымайды.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы – ол Қазақстандағы деректі кино өндірісін тек көркемдік немесе нарративтік құбылыс ретінде емес, индустриалдық және институционалдық жүйе ретінде қарастыруында.

«Қазақфильм» АҚ пен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы сияқты негізгі ұлттық институттардан жинақталған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, бұл зерттеу ауқымды мемлекеттік қолдауға қарамастан, ресурстарды бөлу тетіктері мен даму стратегиялары жаһандық деректі кино секторының технологиялық және құрылымдық өзгерістер қарқынына сәйкес бейімделмегенін көсетіп отыр.

Фильм жасау үрдісінің негізгі құрылымы ағайынды Люмьерлердің жаңашыл бастамаларынан бері аса өзгермегенімен, фильмдерді концептуалдау, өндіру және тарату жолдары – олардың модальділігі, технологиялары мен дистрибуциялық шеңберлері – түбегейлі өзгеріске ұшырады. Дәл осы эволюциялық үрдістер қазақстандық деректі кино секторында сыни тұрғыда қайта бағалауды қажет етеді.

Диссертация қазақстандық деректі киноны жаһандық үрдістермен тереңірек үндестіруге мүмкіндік беру мақсатында мемлекеттік қолдау жүйелерін, өндірістік құрылымдарды және идеологиялық ұстанымдарды қайта пайымдауға бағытталған практикалық ұсыныстар ұсынады. Бұл қорытындылар мен ұсыныстар тек ғалымдар мен кино мамандарына – продюсерлерге, режиссерлер мен дистрибьюторларға ғана емес, сонымен қатар саясаткерлер мен мемлекеттік құрылымдарға да арналған: қазақстандық деректі киноның халықаралық қауымдастықпен тиімді өзара іс-қимыл жасауы және жаһандық үлес қосуы үшін құрылымдық реформалар қажеттілігі ерекше атап өтіледі.